

## **Павлодар қаласы №2 жалпы орта білім беру мектебі 2019-2020 оқу жылының жартыжылдық бойынша тамақтануды бақылау туралы анықтама**

Оқу жылының басында мектепте жалпы ыстық тамақпен 807 оқушы қамтылған, ол оқушылардың 80 %-ын құрайды. Оның ішінде 436 оқушы 1-4 сыныптардан, 371 оқушы 5-11 сынып оқушылары. Жалпы оқыту қорының есебінен тегін ыстық тамақпен қамту ұйымдастырылды. Бюджеттік қаражат есебінен әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардың арасынан 6 жетім және 113 аз қамтылған отбасылардың балалары тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілді. 9 оқушы жалға алушы есебінен тегін тамақтанады.

Өткен оқу жылымен салыстырғанда жалпы мектеп бойынша ыстық тамақпен қамтудың өскені көрінеді (2019 жылы мамыр айында 798 оқушы, ал 2019 жылы қыркүйек айында 807 оқушы). Буфеттік тамақтанумен 185 оқушы қамтамасыз етілді.

Мектеп асханасында тамақ өнімдерін сақтау, тасымалдау және сату сатыларындағы өндірісті бақылау жүйесі, балалар және жасөспірімдер үшін сапалы және қауіпсіз тағамға қол жеткізу; асхана штаты, жұмысшылардың қажетті санын бөлу ұйымдастырылған.

Мектептің асханасы қажетті ыдыстармен жабдықталған. Оның тазалығына көп көңіл бөлінеді. Жуу және дезинфекция санитарлық-гигиеналық тәртіптің барлық нормаларын сақтай отырып жүргізіледі, дезинфекциялау құралдары қолданылады. Асхана жабдықтары бар. Асхана жанында қолды жууға арналған арнайы орын бар. Мектептегі оқушылардың денсаулығын сақтау және нығайту, мектептегі оқушылардың рационын жақсарту, азық-түлектердің сапасын арттыру, күтім мәдениетін арттыру, мектеп асханасында санитарлық-гигиеналық режимді сақтау - тамақтандырудың басты мақсаты.

Мектеп асханасының интерьеріне ақпараттық стенд жасалынды; электр плитасы және тоңазытқыш тексерілді және жөндеуден өтті.

Оқушылардың тамақтануы бекітілген және әзірленген мәзірге сәйкес, кемінде 15 минуттай созылатын үзіліске сәйкес жүзеге асырылады.

Тамақтану және күнделікті мәзір кестесі асханада, сондай-ақ мектептің веб-сайтында орналасқан. Асханаға міндетті түрде тапсырыс беріледі, оқушылар сынып жетекшінің, кезекші оқытушының қатысуымен тамақтанады.

Тамақтандыруды ұйымдастыру және сапасын бақылауды жүзеге асыру үшін комиссия құрылды. Комиссияның жұмыс жоспары әзірленді. Барлық қажетті құжаттар талаптарға сәйкес толтырылды. Ас үй мен асхананың санитарлық жағдайы нормаға сәйкес.

Орындардың саны 80 - ге тең. Ас үй мен асханадағы санитарлық жағдай тағамның сапасы мен ұйымдастырылуын бақылау жөніндегі мектеп комиссиясымен бақыланады.

Өнімдерді сақтау санитарлық нормаларға сәйкес жүзеге асырылады. Пісіруге арналған технологиялық карталар бар.

Оқушылардың тамақтануын ұйымдастыру мәселесі өте маңызды, сондықтан мектепте тамақтану сапасын бақылау үшін комиссия құрылды.

Комиссия құрамына әкімшілік өкілдері, мектеп директоры, әлеуметтік педагог, мектеп медбикесі, ата-аналар комитетінің мүшесі кіреді.

2019 жылғы 11 желтоқсандағы «2020 - 2022 жылдардағы облыстық бюджет жайлы» Павлодар облыстық маслихатының №423/36 қаулысының шешімін жүзеге асыру бойынша Павлодар облысы әкімшілігінің 2019 жылғы 24 желтоқсандағы №357/3 қаулысы негізінде 2020 жылғы 09 қаңтардан бастап бастауыш сыныптар тегін ыстық тамақпен